

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КОМИТЕТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
№7 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

14.03.2025 ж.

Қатысқандар: Факультет деканы А.Өзтүрк, Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева, деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары Ж.Сүинжанова, ғылым және халықаралық қатынастар ісі жөніндегі орынбасары Е.Алашбаев, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ю.Алимова, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі С.Бейсембаева, «Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі Б.Турлыбеков, «Түрік филологиясы» кафедрасының меңгерушісі К.Семиз, «Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі А.Ермекбаева, «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі Л.Қазыханқызы, «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Ж.Исаева, факультет СМЖ жұмысына жауапты Ы.Нурмагомбетова, кафедраның ОӘК жауапты төрайымдары, факультет ОӘК хатшысы А.Құрбан.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау.

2. Оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысын талқылау

3. Көктемгі сессия емтихан сұрақтарын, тапсырмаларын талқылау, бекітуге ұсыну

4. Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу постмониторинг жұмыстарын іске асыруды ұйымдастыру туралы

5. Әр түрлі мәселелер

5.1 Әртүрлі мәселелер бойынша факультет оқытушыларының оқу құралдарын бекіту және университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну.

1. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар нәтижелерін талдау.

Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева бітіруші студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін таныстырып, олардың білім беру бағдарламасының мазмұны, оқу процесінің ұйымдастырылуы және бағалау саясатына қанағаттану деңгейіне тоқталды.

Кафедра меңгерушілері сауалнама нәтижелерін талқылап, студенттердің оқу жүктемесі, бағалау әдістерінің әділдігі және практикалық дайындық деңгейі туралы пікірлерін қарастырды. «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының меңгерушісі

С. Бейсембаева кейбір пәндер мазмұнын еңбек нарығы талаптарына сәйкестендіру қажет екенін атап өтті, ал «Ағылшын филологиясы және аударма ісі» кафедрасының меңгерушісі А.Ермекбаева бағалау критерийлерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізді.

ШЕШІМ: Сауалнама нәтижелері негізінде кафедралар білім беру бағдарламаларының мазмұнын және бағалау саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлесін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

2. Оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысын талқылау

Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу деңгейіне шолу жасап, үздіксіз кәсіби дамудың маңыздылығын атап өтті.

Кафедра меңгерушілері семинарларға қатысу белсенділігі туралы есеп берді. «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі Л.Қазыханқызы оқытушылардың жаңа педагогикалық технологияларды меңгеруге деген қызығушылығы артып келе жатқанын айтты. «Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі Ж. Исаева кейбір оқытушылардың жұмыс жүктемесінің жоғары болуына байланысты семинарларға толыққанды қатыса алмайтынын атап өтті.

Талқылау барысында семинарларға қатысуды ынталандыру, кафедралар арасында тәжірибе алмасу және оқытушыларға әдістемелік қолдау көрсету қажеттілігі айтылды.

ШЕШІМ: Кафедралар оқытушылардың әдістемелік семинарларға қатысуын жүйелі түрде бақылап, белсенділікті арттыру бойынша ұсыныстар әзірлесін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

3. Көктемгі сессия емтихан сұрақтарын, тапсырмаларын талқылау, бекітуге ұсыну

Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева көктемгі сессияға арналған емтихан сұрақтары мен тапсырмаларының дайындық деңгейі туралы баяндама жасап, олардың оқу бағдарламаларына сәйкестігін атап өтті.

Кафедра меңгерушілері ұсынылған сұрақтар мен тапсырмаларды қарастырып, бағалау критерийлерінің нақты және әділ болуын қамтамасыз ету қажеттігін талқылады. «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі Л.Қазыханқызы тест тапсырмаларының академиялық дағдыларды бағалаудағы тиімділігіне назар аударса, «Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі Б.Турлыбеков жазбаша тапсырмалардың студенттердің шығармашылық ойлауын дамытуға бағытталуы тиіс екенін атап өтті.

ШЕШІМ: Көктемгі сессияға арналған емтихан сұрақтары мен тапсырмалары мақұлданын. Кафедралар емтихан материалдарының сапасын арттыру бойынша ұсыныстар енгізсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

4. Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу постмониторинг жұмыстарын іске асыруды ұйымдастыру туралы

Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева бағдарламалық және институционалдық аккредиттеудің постмониторинг жұмыстарының маңыздылығын атап өтіп, оқу бағдарламаларының сапасын тұрақты түрде бағалау қажеттігін айтты.

Факультет деканы А.Өзтүрк университеттің аккредиттеу талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында кафедралардан кері байланыс жинау және сапаны арттыру бағытында жұмыс жүргізу қажеттігін атап өтті. «Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының меңгерушісі Б.Турлыбеков өткен аккредиттеу кезеңінде анықталған негізгі мәселелер мен оларды шешу жолдары туралы баяндады.

Талқылау барысында кафедра меңгерушілері оқу бағдарламаларының сәйкестігін бағалау, оқу процесін жақсарту және білім беру сапасын бақылау бойынша атқарылған жұмыстарды таныстырып, постмониторинг шараларын тиімді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізді.

ШЕШІМ: Факультет кафедралары бағдарламалық және институционалдық аккредиттеу постмониторингін жүйелі түрде жүргізіп, сапаны жақсарту бойынша ұсыныстар енгізсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері).

5. Әр түрлі мәселелер

5.1 Әртүрлі мәселелер бойынша факультет оқытушыларының оқу құралдарын бекіту және университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну.

Факультет деканы А.Өзтүрк сөз алып, «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының оқытушысы Г.Жамантаеваның «Екінші шет тілінің практикумы» атты оқу-әдістемелік құралын талқылауға ұсынды. Г.Жамантаеваның оқу-әдістемелік құралы қытай тілін жаңа бастаушылар үшін өте маңызды және тиімді. Бұл құралда иероглифтердің дұрыс жазылу әдістемесі мен визуалды түсіндірмелердің берілуі, сондай-ақ иероглифтерді жазу бағытының заңдылықтары мен олардың құрылымы нақты көрсетілген.

Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева сөз алып, «Екінші шет тілінің практикумы» оқу-әдістемелік құралының сапалы сараптамадан өткенін және оң пікірлер алғанын атап өтті. Сонымен қатар, оқу-әдістемелік құралдың антиплагиат жүйесінен сәтті өткенін және ішкі, сыртқы пікірлермен таныстырды.

Талқылау барысында оқу-әдістемелік құралының графикалық және қадамдық сипаттамалары, жазу ретінің нақты көрсетілуі студенттерге тіл үйренуде көп көмек көрсететіні атап өтілді. Қатысушылар бұл оқу-әдістемелік құралдың қытай тілін жаңа бастаушыларға қажетті әрі құнды ресурс екендігімен келісе отырып, оны университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну жөнінде шешім қабылдады.

ШЕШІМ: «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының оқытушысы Г.Жамантаеваның «Екінші шет тілінің практикумы» оқу-әдістемелік құралы университеттің оқу-әдістемелік комитетіне бекітуге ұсынылсын.

5.2 Әртүрлі мәселелер бойынша факультет оқытушыларының оқу құралдарын бекіту және университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну

Факультет деканы А.Өзтүрк сөз алып, «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының оқытушысы Ф.Шаймерденнің «Қытай тілінің тәжірибелік курсы» атты оқу-әдістемелік құралын талқылауға ұсынды.

Оқу-әдістемелік құрал қытай тілін екінші шет тілі ретінде оқитын студенттерге арналған. Бұл құралда қытай иероглифтерінің жазылу реті, кілт сөздер, жаңа сөздер мен қосымша сөздер қамтылған. Сонымен қатар, әр тақырыпқа сәйкес мәтіндер мен диалогтар ұсынылып, студенттердің оқу, тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытуға бағытталған практикалық тапсырмалар беріледі. Оқу-әдістемелік құралда ұсынылған сөз тіркестері мен сөйлемдер студенттердің грамматикалық құрылымдарды дұрыс меңгеруіне және оларды сөйлеу барысында қолдана алуына көмектеседі.

Факультет ОӘК төрағасы М.Талдыбаева сөз алып, «Қытай тілінің тәжірибелік курсы» оқу-әдістемелік құралының сапалы сараптамадан өткенін және оң пікірлер алғанын атап өтті. Сондай-ақ, оқу-әдістемелік құралдың антиплагиат жүйесінен сәтті өткенін және ішкі, сыртқы пікірлермен таныстырды.

Талқылаудан кейін, оқу-әдістемелік құралдың құрылымы мен мазмұнының жүйелі түрде дайындалғаны және оның студенттердің тілдік дағдыларын дамытуға тиімділігі атап өтілді. Жиналысқа қатысушылар бұл оқу-әдістемелік құрал қытай тілін үйренушілер үшін құнды ресурс екенін мақұлдап, оны университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну жөнінде шешім қабылдады.

ШЕШІМ: «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының оқытушысы Ф.Шаймерденнің «Қытай тілінің тәжірибелік курсы» оқу-әдістемелік құралы университеттің оқу-әдістемелік комитетіне бекітуге ұсынылсын.

5.3 Әртүрлі мәселелер бойынша факультет оқытушыларының оқу құралдарын бекіту және университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну

Факультет деканы А.Өзтүрк сөз алып, «Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының оқытушылары Г.А. Дуйсебаева, М.А. Раманкулова, Г.К. Алипхан, Н.М. Акешованың әзірлеген «English for Pre-Intermediate Students» оқу-құралын талқылауға ұсынды. Оқу құралы тілдік емес мамандықтар бойынша білім алатын білімгерлерге ағылшын тілі B1 деңгейі бойынша практикалық сабақтарды тиімді өткізуге арналған. Оқу

құралында білімгерлердің тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар, мәтіндер және жаттығулар қамтылған. Сонымен қатар, оқытушының қадамдық нұсқаулары мен студенттерге арналған тыңдалым ресурстары да бар.

ОӘК төрағасы М.Талдыбаева сөз алып, бұл оқу-құралдың сапалы сараптамадан өткенін және оң пікірлер алғанын атап өтті. Оқу-құралында ұсынылған тапсырмалар мен жаттығулар білімгерлердің ағылшын тілінде коммуникативті дағдыларын дамытуға бағытталған және білімгерлердің сөздік қорын кеңейтуге көмектеседі.

Талқылау барысында оқу-құралдың қолданушыға ыңғайлы құрылымы, тіл үйренушілерге арналған тиімді әдістемелік тәсілдер мен түсіндірмелердің орындылығы атап өтілді. Қатысушылар оқу құралының тілдік емес мамандықтар білімгерлері үшін өте пайдалы ресурс екендігін келісе отырып, оны университеттің оқу-әдістемелік комитетіне бекітуге ұсыну жөнінде шешім қабылдады.

ШЕШІМ: «Жалпы академиялық ағылшын тілі» кафедрасының оқытушылары Г.А. Дуйсебаева, М.А. Раманкулова, Г.К. Алипхан, Н.М. Акешованың әзірлеген «English for Pre-Intermediate Students» оқу-құралы университеттің оқу-әдістемелік комитетіне бекітуге ұсынылсын.

5.4 Әртүрлі мәселелер бойынша факультет оқытушыларының оқу құралдарын бекіту және университеттің оқу-әдістемелік комитетіне ұсыну


Факультет деканы А.Өзтүрк «Педагогикалық шетел тілдері» кафедрасының оқытушылары Л.Қазыханқызы мен З.У.Халматованың «The Basics of a Foreign Language Theory» атты оқу-әдістемелік құралында оқу материалдарын студенттерге мейлінше түсінікті болуы үшін, әрі тақырыпты жан-жақты меңгерту мақсатында теориялық материалдардан кейін, пысықтау сұрақтары мен практикалық тапсырмаларды молынан берген. Оқу құралдың соңында қорытындылауға арналған тапсырмалары және дидактикалық материалдар берілген, сұрақтардың бұлай ұйымдастырылуы студенттердің курсты қаншалықты меңгергендерін тексерулеріне мүмкіндік береді деп атап өтті.

М.Талдыбаева сөз алып, Л.Қазыханқызы мен З.У.Халматованың «The Basics of a Foreign Language Theory» оқу-әдістемелік құралының сараптамадан өтіп оң пікір алғанын айты, антиплагиат жүйесінің анықтамасымен, ішкі және сыртқы пікірлерімен таныстырды.

Талқылай келе, Л.Қазыханқызы мен З.У.Халматованың «The Basics of a Foreign Language Theory» атты оқу-әдістемелік құралы шетел тілі: екі шет тілі және ағылшын филологиясы мамандықтары бойынша білім алатын студенттердің сабақтарына қажетті құрал деп қорытындылады.


ШЕШІМ: Филология факультетінің оқытушылары Л.Қазыханқызы мен З.У.Халматованың «The Basics of a Foreign Language Theory» оқу-әдістемелік құралы университеттің оқу-әдістемелік комитетіне бекітуге ұсынылсын.

Факультет ОӘК төрағасы



М.Талдыбаева

ОӘК хатшысы



А.Құрбан